

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің электр энергетикасы объектілеріндегі авариялар жөнінде ақпарат алмасу туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 11 қарашадағы № 694 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2016 жылғы 7 маусымда Бішкекте жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің электр энергетикасы объектілеріндегі авариялар жөнінде ақпарат алмасу туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Б.Сағынтаев**

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкімет ініш

2016 жылғы 11 қарашадағы

№ 694 қаулысымен

бекітілген

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің электр энергетикасы объектілеріндегі авариялар жөнінде ақпарат алмасу туралы КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің үкіметтері

2003 жылғы 18 қыркүйектегі Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы ақпараттар алмасу, олардың салдарларын жою және зардал шеккен халыққа көмек көрсету кезінде өзара ақпараттық іс-қимыл туралы келісімді назарға ала отырып,

мемлекетаралық ақпарат алмасу саласындағы, оның ішінде ТМД-ға қатысушы мемлекеттер мүшелері болып табылатын халықаралық ұйымдар мен интеграциялық бірлестіктер шеңберінде қабылданған халықаралық шарттарды назарға ала отырып,

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелерінің сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуде, сондай-ақ ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің электр энергетикасы объектілерін пайдалануды ұйымдастыру кезінде тәжірибе алмасу тетіктерін жетілдіруде Тараптардың мүдделілігін ескере отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісім мақсаттарына арналған терминдер мен анықтамалар халықаралық шарттарға және ТМД-ға қатысуши мемлекеттердің заңнамасына сәйкес пайдаланылады.

2-бап

ТМД-ға қатысуши мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелерінің сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету, ТМД-ға қатысуши мемлекеттердің электр энергетикасы объектілерін пайдалануды ұйымдастыру кезінде тәжірибе алмасу тетіктерін жетілдіру мақсатында Тараптар траншекаралық сипаттағы белгілері бар және ТМД-ға қатысуши мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелерінің сенімді қатарлас жұмысын қамтамасыз етуге әсер ететін электр энергетикасы объектілеріндегі авариялар туралы ақпаратпен мемлекетаралық алмасуды жүзеге асырады.

Осы Келісімге қатысуши мемлекеттердің электр энергетикасы объектілеріндегі авариялар туралы ақпарат ТМД-ға қатысуши мемлекеттердің электр энергетикалық жүйелерінің энергетикалық қауіпсіздігі деңгейін арттыруға әсер ететін жүйелі және өзге де сипаттағы аварияға қарсы іс-шараларды әзірлеу кезінде озық тәжірибелі зерделеу үшін пайдаланылады.

3-бап

Осы Келісімге қатысуши мемлекеттердің электр энергетикасы объектілеріндегі авариялар туралы ақпарат беру өлшемшарттары, құрамы, форматы (макеті) және тәртібі ТМД-ның Электр энергетикалық кеңесі шеңберінде бекітілетін құжаттармен регламенттеледі.

4-бап

Осы Келісімге қатысуши мемлекеттердің электр энергетикасы объектілеріндегі авариялар туралы ақпарат электр энергетикасы объектілерінің меншік иелері, өзге де занды иелері немесе оларды пайдаланатын ұйымдар табыс ететін авариялар туралы жиынтық есептердің ресми деректері және/немесе тиісті түрде ресімделген авариялардың себептерін тергеп-тексеру туралы актілердің негізінде қалыптастырылады .

ТМД-ға қатысуши мемлекеттің заңнамасымен таратылуы шектеулі ақпаратқа жатқызылған ақпарат оны қорғау жөніндегі талаптар сақтала отырып табыс етіледі.

Осы Келісім шеңберінде табыс етілетін ақпарат осы ақпарат мұдделерін қозғайтын Тараптардың келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге жатпайды.
Тараптар ақпарат алмасуды орыс тілінде жүзеге асырады.

5-бап

Тараптар осы Келісім шеңберінде ұсынылған ақпаратты осы Келісімде көзделген мақсаттарда ғана және оны табыс еткен Тараптарға залал келтірмей пайдаланады.

6-бап

Осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің электр энергетикасы объектілеріндегі авариялар туралы ақпаратты табыс етуді Тараптардың электр энергетикасын басқару органы немесе оған үәкілеттік берген үйым жүзеге асырады.

7-бап

Тараптар ТМД-ның Электр энергетикалық кеңесіне:
осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің электр энергетикасы объектілеріндегі авариялар туралы жиынтық ақпаратты жинақтауды, талдауды және осы Келісімге қатысушы мемлекеттерге жіберуді;
осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің электр энергетикасы объектілеріндегі авариялар туралы ақпаратпен мемлекетаралық алмасу саласындағы ынтымақтастық мәселелері бойынша жұмыс кездесулерін және консультациялар өткізууді жүктейді.

8-бап

Осы Келісімді іске асыру жөніндегі қызметті, оның ішінде электр энергетикасын басқару органдарының немесе олар үәкілеттік берген үйымдардың өзара іс-қимылын үйлестіруді ТМД-ның Электр энергетикалық кеңесі жүзеге асырады.

9-бап

Осы Келісімнің реттеу нысанасына жатқызылатын және онда көрсетілмеген мәселелер Келісімге қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен реттеледі.

10-бап

Осы Келісімнің ережелерін қолдану және түсіндіру кезінде туындаитын Тараптар арасындағы даулы мәселелер Тараптардың консультациялары мен келіссөздері арқылы шешіледі.

11-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің 12-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін хаттамалармен ресімделеді.

12-бап

Осы Келісім оның күшіне енүі үшін қажетті мемлекетішлік рәсімдерді оған қол қойған Тараптардың орындағаны туралы үшінші хабарламаны депозитарий алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Мемлекетішлік рәсімдерді кейінрек орындаған Тараптар үшін осы Келісім депозитарий тиісті құжаттарды алған күннен бастап 30 күн өткеннен кейін күшіне енеді.

13-бап

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін қосылу туралы құжатты депозитарийге беру жолымен ТМД-ға қатысуши кез келген мемлекеттің қосылуы үшін ашық.

Қосылған мемлекет үшін осы Келісім депозитарийдің қосылу туралы құжатты алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

14-бап

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады. Эрбір Тарап депозитарийге шығу туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Келісімнен шығуға құқылы. Осы Келісім депозитарий тиісті хабарламаны алған күннен бастап 6 айдан кейін осы Тарапқа қатысты қолданысын тоқтатады.

15-бап

Осы Келісім өз мемлекеті қатысуши болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындастын әрбір Тараптың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

2016 жылғы 7 маусымда Бішкек қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды. Төлнұсқа дана осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның қуәландырылған көшірмесін жіберетін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады.

Әзербайжан Республикасының
Үкіметі үшін
Армения Республикасының
Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының
Тәжікстан Республикасының
Үкіметі үшін

*Беларусь Республикасының
Үкіметі үшін*

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін*

*Қырғыз Республикасының
Үкіметі үшін*

Укіметі үшін

Түрікменстан Үкіметі үшін

Өзбекстан Республикасының

Украина Үкіметі үшін

М о л д о в а

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК